

Аллаһ Тағала былай деді:

﴿إِنَّ الصَّلَاةَ كَانَتْ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ كِتَابًا مَوْقُوتًا﴾ النساء-103

«Шындығында намаз мұміндерге белгілі уақытта парыз қылынды»

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген:

☑ "Кімде кім оны (намазды) уақытында өтесе – қиямет күнінде оған нұр, дәлел, қорғау болады" (Ахмал-6540 және Ал-Дарими-2721 риуаят еткен)

☑ "Адам арасы мен және күпірлік пен ширктің арасындағы айырмашылық – намаздың тасталуы" (Муслим-82 риуаят еткен)

☑ "Намазды – менің қалай намаз оқығанымды көргендеріңдей оқыңдар" (Бухари-631 риуаят еткен)

## ПАЙҒАМБАР ﷺ НАМАЗЫНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТЫ



صفة صلاة النبي ﷺ

باختصار

باللغة القرآنية

بلغات العالم \*50 لغة\*  
غازي بن علي سلطان الراكستاني  
التفريع من الجامعة الإسلامية بالمدينة المنورة  
+966504352709  
1432/2011 +201115587559

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) салауат дұғасын оқы.

(3) Сосын, үшінші рет тәкбір етіп:

«Аллаһу әкбар» -деп айт. "اللَّهُ أَكْبَرُ"

Содан кейін қайтыс болған адам үшін Аллаһ Тағалаға былайша дұға қыл:

«اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِحَيِّنَا وَمَيِّتِنَا وَشَاهِدِنَا وَغَائِبِنَا وَصَغِيرِنَا وَكَبِيرِنَا وَذَكَرْنَا وَأُنْثَانَا. اللَّهُمَّ مَنْ أَحْيَيْتَهُ مِنَّا فَأَحْيِهِ عَلَى الْإِسْلَامِ وَمَنْ تَوَفَيْتَهُ مِنَّا فَتَوَفَّهُ عَلَى الْإِيمَانِ»

«Аллаһуммағ-фир лихайинә уә мәйитинә, уә шәһидинә уә ғайбинә, уә сағиринә уә кәбиринә, уә зәкәринә уә унсәнә. Аллаһумма мән ахияйтәһу миннә фә-ахийһи 'алал-ислам, уә мән тәуәффәйтәһу миннә фәтәуәффәһу 'алаль-имән».

«Ей, Аллаһ! Біздің тірілеріміз бен өлілерімізді, (жаназға) қатысушылар мен қатыспағандарды, үлкендеріміз бен кішілерімізді, ерлеріміз бен әйелдерімізді Өзің кешіре гөр!».

(4) Сосын, төртінші рет тәкбір етіп:

«Аллаһу әкбар» -деп айт. "اللَّهُ أَكْبَرُ"

Сосын, «Әссәләму «السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللَّهِ» -деп сәлем бер.

Пайғамбарымыз ﷺ жаназа намазы туралы былай деген: «Кімде-кім жаназа намазына қатысса оған «қырат» сияқты сауап беріледі, ал кімде-кім мәйіт көмілгенге дейін бірге болса оған екі «қырат» сияқты сауап беріледі». «Екі «қырат» дегеніміз не?» - деп сұралғанда, «Екі үлкен тау сияқты» - деп жауап берген. Бухари-1325, Муслим-945 риуаят еткен.

Пайғамбарымыз ﷺ тағы бір хадисінде былай деген: «Мәйитті көмуді жылдамдатыңдар, егерде ол жақсы адам болса, оған жақсылық жасаған боласыңдар, ал егер ол ондай болмаса, жамандықты тезірек мойындарыңнан түсірген боласыңдар». Бухари-1345, Муслим-944

Дайындаған Медине қаласындағы Ислам университетінің Қазақстан студенттері

رقم سجل لدى الالاوراة العامة للسجوة، والتأليف، والترجمة بالأزهر الشريف (17898)

(17) Кейбір намазхан адамдардың жасайтын қателіктері:

(1) Жамағатпен оқығанда имамға ұйып тұрған адамның имамнан озып кетуі

(2) Намаз кезінде жоғарыға, жан-жағына қарауы


(3) Тақбиратуль ихрамды тәкбір еткен кезде



(4) Қолды байлаған кезде



(5) Аяқты қойған кезде



(6) Рукуғтағы қателіктер



(7) Рукуғтан басты көтергеннен кейін



(8) Сәждеде жатқан кезде



(9) Екі сәжденің ортасында және бірінші, екінші ташаһуд отырысында

«Әс-сәләму 'әлейкум уә рахмату-Ллаһ»

«Ей, Аллаһ! Шындығында, мен Сенен жәннәтті сұраймын, әрі тозақ отынан Өзіңнен пана тілеймін!».

(12) Сосын, бірінші оң иығыңа, сосын сол иығыңа былай деп сәлем бер:

"السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللَّهِ"

«Әс-сәләму 'әлейкум уә рахмату-Ллаһ» «Сендерге бейбітшілік және Аллаһтың мейірімі болсын!»

(13) Егер де намаз ақшам намазы сияқты үш ракағаттық болса, немесе бесін, екінті, құптан намаздары сияқты төрт ракағаттық болса, екінші ракағаттан кейінгі отырыста ташаһуд дұғасын ғана оқып, үшінші ракағатқа тұрасың (2-ші суреттің керісіншесі). Тұрып бара жатып:

«Аллаһу әкбар» -деп айт. "اللَّهُ أَكْبَرُ"

(14) Үшінші ракағатта Фатиха сүресін ғана оқып, намазыңды алдыңғыдағыдай жалғастыра бер. Ақшам намазының соңғы үшінші ракағатынан кейін және бесін, екінті, құптан намаздарының соңғы төртінші ракағатынан кейін отырып ташаһуд дұғасын оқы (екі ракағаттық намазда айтылып өткендей), сосын сәлем бер.

Осы айтылғандардың ретін сақтап, асықпай, бабымен оқы.

(15) Аллаһ Тағаланың қалауымен бақыттылардан болу үшін, әрбір ер мұсылманға шамасы келгенше намазды мешітте жамағатпен оқу қажет, оған немқұрайлы қарамауы керек.

(16) Әрбір тұрғылықты мұсылман ер-әйелге он екі ракағат сүннет намаздарын орындап отыруы үлкен сауап. Бұлар; таң намазының алдындағы екі ракағат, бесін намазының алдындағы төрт ракағат және артындағы екі ракағат, ақшам намазынан кейінгі екі ракағат және құптан намазынан кейінгі екі ракағат. Пайғамбарымыз (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «Кімде-кім күндіз және түнде он екі ракағат (сүннет намазын) тастамай оқыса – жаннаттан оған үй салынады». Муслим-728 риуаят еткен. Егер де сапарда болса бесіннің, ақшамның, құптанның сүннеттері оқылмайды, тек қана таң намазының сүннеті және үтір намазы ғана оқылады.

إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ مَّجِيدٌ. اللَّهُمَّ بَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ مَّجِيدٌ

«Аллаһумма салли 'ала Мухаммадин уә 'ала әли Мухаммад, кәмә саллайтә 'ала Ибраһима уә 'ала әли Ибраһим, иннәкә Хамиду-Ммажид. Аллаһумма бәрик 'ала Мухаммадин уә 'ала әли Мухаммад, кәмә бәрактә 'ала Ибраһима уә 'ала әли Ибраһим, иннәкә Хамиду-Ммажид».

«Ей, Аллаһ! Ибраһимге және оның әулетіне игілік бергеніңдей, Мухаммедке де және оның әулетіне де игілік бер, шындығында Сен аса Мақтаулы әрі Жоғарысың. Ей, Аллаһ! Ибраһимге және оның әулетіне береке бергеніңдей, Мухаммедке де және оның әулетіне де береке бер, шындығында Сен аса Мақтаулы әрі Жоғарысың».

Сосын, Аллаһ Тағаладан төрт нәрседен аман болуыңды сұра:

"اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ، وَمِنْ عَذَابِ جَهَنَّمَ، وَمِنْ فِتْنَةِ الْمَحْيَى وَالْمَمَاتِ، وَمِنْ شَرِّ فِتْنَةِ الْمَسِيحِ الدَّجَالِ"

«Аллаһумма инни а'узу бикә мин 'азабил-қабр, уә мин 'азаби жәһәннәм, уә мин фитнәтиль-маһиа уәль-мәмәт, уә мин шарри фитнәтиль-мәсихид-даджал».

«Ей, Аллаһ! Шындығында, Мен қабір азабынан, жәһәннәм азабынан, өмір мен өлім бүлігінен және Мәсіх Дажжалдың бүлігінен Өзіңнен пана тілеймін!».

Осыдан кейін, сәлем бергенге дейін Аллаһ Тағалаға қалағаныңша дұға қылуыңа болады. Мысалы:

"اللَّهُمَّ اعْنِي عَلَى ذِكْرِكَ وَشُكْرِكَ وَحُسْنِ عِبَادَتِكَ"

«Аллаһумма а'инни 'ала зикрикә уә шукрикә уә хусни ғибәдәтик».

«Ей, Аллаһ! Өзіңді еске алуға, Өзіңе шүкіршілік етуге, әрі Өзіңе көркем түрде құлшылық етуге маған жәрдем бер».

"اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْجَنَّةَ وَأَعُوذُ بِكَ مِنَ النَّارِ"

«Аллаһумма инни әсәәлукәл-жәннәтә уә а'узу бикә минән-нәр»

(1) Егер де Аллаһ ризалығы үшін намаз оқығың келсе, онда дәретті болуың керек. Оқын деген намазың парыз болсын, не нәпіл болсын, соны жүректен ниет қылып, қайда болсаң да барлық денеңмен намаздың басынан аяғына дейін қыбылаға (Қағбаға) қарауың қажет.

(2) "اللَّهُ أَكْبَرُ" «Аллаһу әкбар» «Аллаһ Ұлы»

-деп тақбиратуль ихрамды тәкбір ету (көзді сәжде қылатын жерге қаратып, қолды құлақтың тұсына немесе иықтың тұсына дейін көтеруің керек).

(3) Тұрған кезде оң қолыңды сол қолыңның үстіне қойып кіріспе (истифтах) дұғасын оқы:

"سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ، وَتَعَالَى جَدُّكَ، وَلَا إِلَهَ غَيْرُكَ"

«Субханәка-Лләхуммә уә бихамдикә, уә тәбәракәс-мукә, уә та'алә жәддукә уә лә иләһә ғайрукә».

«Раббымыз, Аллаһ! Сен пәксің. Барлық мадақ Саған тән! Сенің есімің аса ұлық. Сенің ұлылығың аса жоғары. Сенен басқа ешбір тәңір жоқ».

Одан кейін былай де:

"أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ"

«А'узу би-Лләһи минаш-шайтанир-ражим».

«Қуылған шайтаннан Аллаһқа сиынамын».

Сосын Фатиха сүресін оқы:

"بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ (1) الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ (2) الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ (3) مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ (4) إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ (5) اهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ (6) صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ (7) ﴿آمين﴾"

«Бисми-Лләһи-Ррахмәни-Ррахим(1) Әльхамду ли-Лләһи раббиль-'аламин(2) Ар-рахмәни-Ррахим(3) Мәлики наумиддин(4) Ийәкә на'буду уә ийәкә наста'ин(5) Иһдинас-сыйраталь-мустанәким(6) Сыйраталь-ләзинә ән'амтә 'алейһим ғайриль-мағдуби 'алейһим уәләддааллин(7)» «Әмин».

«Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен(1) Барлық мадақ бүкіл әлемдердің Раббысы, Аллаһқа тән(2) Ол аса Қамқор, ерекше Мейірімді(3) Қиямет күнінің Иесі(4) Саған ғана құлшылық қыламыз және Сенен ғана жәрдем сұраймыз(5) Бізді тура жолға сала гөр!(6) Ашуға ұшырағандар мен адасқандардың жолына емес, нығметке бөлегендеріңнің жолына!(7)» «Әмин».

«Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен(1) Барлық мадақ бүкіл әлемдердің Раббысы, Аллаһқа тән(2) Ол аса Қамқор, ерекше Мейірімді(3) Қиямет күнінің Иесі(4) Саған ғана құлшылық қыламыз және Сенен ғана жәрдем сұраймыз(5) Бізді тура жолға сала гөр!(6) Ашуға ұшырағандар мен адасқандардың жолына емес, нығметке бөлегендеріңнің жолына!(7)» «Әмин».

Сосын Құраннан білетін кез-келген сүрені не аятты оқы. Мысалы, «Ықылас» сүресі:

"بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ  
﴿قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ (1) اللَّهُ الصَّمَدُ (2) لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ (3)  
وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ﴾ (4)﴾"

«Бисми-Лләһи-Ррахмәни-Ррахим. Қульһуа-Лләһу Ахад(1) Аллаһу-Ссамад(2) Ләм ялид уә ләм юләд(3) Уә ләм якуль-ләһу куфуән ахад(4)».

«Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен. Ол Аллаһ – Жалғыз(1) Аллаһ – Мұқтажсыз (Барлық жаратылыс Оған мұқтаж)(2) Ол тұмаған да, туылмаған(3) Әрі Оған ешкім де тең емес(4)».

(4) Сосын "اللَّهُ أَكْبَرُ" «Аллаһу әкбар» - деп

айтқан күйде руқуға барасың. (Руқуға тұрған кезде арқаң мен басыңды бір деңгейде қылып, екі қолыңды, саусақтарыңды ашқан күйде екі тізеңнің үстіне қоюың керек; 1-ші суреттегідей). Сосын үш рет былай деп айт:

"سُبْحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ"

«Субханә раббияль-'азыйм».

«Ұлы Раббым (Кемшілік атаулыдан) пәк».

(5) Басыңды руқуған көтере келе былай де:

"سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ"

«Сами'а-Лләһу лимән хамидәһ».  
«Аллаһ, Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естін, жауап берді!».  
Тұрғаннан кейін былай де:

"رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ، حَمْدًا كَثِيرًا طَيِّبًا مُبَارَكًا فِيهِ"

«Раббәнә уә ләкәль-хамд, хамдән кәсиран, тайбән мубәракән фиһ».

«Ей, Раббымыз! Саған сансыз мадақ! Әрі ізгілі, берекелі мақтау-мадақтар болсын!».


(6) Сосын "اللَّهُ أَكْبَرُ"

«Аллаһу әкбар» -деп айтқан күйде сәждеге барасың.

Егерде жеңіл болып жатса, тізеңді қолыңнан бұрын жерге тигіз. (2,1-2,4



суреттердегідей). Аяғың мен қолыңның саусақтары қыбылаға қарап тұрсын, қолыңның саусақтарын біріктіріп құлағыңның тұсына қой, білегіңді қабырғаларыңнан алысырақ (кеңірек) ұста (егер де ешкімге кедергі келтірмейтін болса), ішінді саныңнан көтеріп, екі тізеңнің арасын аш. (Әйелдер де тура осылай жасайды, тек сәждеде сәл бүгіледі және жинақы болады) Сәждеде жерге тиетін мүшелер: маңдай мен мұрын, екі алақан, екі тізе және аяқ саусақтарының ішкі жағы (3,1-3,4 суреттердегідей).



Сәжде кезінде үш рет былай де:

"سُبْحَانَ رَبِّيَ الْأَعْلَى" «Субханә раббияль-'ә'лә»

«Аса жоғары Раббым пәк».

Барлық сәжделеріңде Аллаһ Тағалаға қалағаныңша көбірек дұға қылуың абзал (егерде араб тілін білмесең, өз тілінде сұра)

(7) Сәждеден басыңды көтере келе былай де:

"اللَّهُ أَكْبَرُ" «Аллаһу әкбар»

Сосын, сол аяғыңды төсеп соған отыр да, оң аяғыңды тұрғызып қой. Қолдарыңды саныңа қойып (4-ші суреттегідей) екі рет:

"رَبِّ اغْفِرْ لِي"

«Раббигфир-ли» - деп айт.

«Раббым мені кешіре гөр!».

(8) Сосын, "اللَّهُ أَكْبَرُ"

«Аллаһу әкбар» - деп айтқан күйде екінші рет сәжде жаса (3.1-3.4 суреттердегідей).

Сәждеде болған кезінде үш мәрте

"سُبْحَانَ رَبِّيَ الْأَعْلَى"

«Субханә раббияль-'ә'лә» -деп айт.


(9) Басыңды сәждеден, "اللَّهُ أَكْبَرُ" «Аллаһу әкбар» -деп айтқан күйде көтеріп, екінші

рақағатқа тұрасың (2-ші суретке қарамақайшы).

(10) Екінші рақағатта оң қолыңды сол қолыңның үстіне қойып, Фатиха сүресі мен Құраннан білетін сүренді не аятты оқып (мысалы: «Ықылас» сүресі), бірінші рақағатта істегендеріңді істе.

(11) Егер де намаз екі рақағаттық болса, яғни таң намазы, жұма, айт намаздары

сияқты болса, екінші рақағаттың екінші сәждесінен кейін көтеріліп, тізерлеп отыр (5-ші суреттегідей).



Бірақ әйелдер сол аяғын оң аяғының астына қойып, жамбасын жерге тигізіп, оң аяғын жерге төсейді (6-шы суреттегідей). Сосын ташаһһуд дұғасын оқы:

"الْتَّحِيَّاتُ لِلَّهِ، وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ، السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ، السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ. أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ"

«Әттәһиәту ли-Лләһи, уас-салауату уат-тайбәт, әс-сәләму 'алейкә әйюһәннәбийу уә рахмату-Лләһи уә бәракәтуһ, әс-сәләму 'алейнә уә 'ала ибади-Лләһис-салихин. Әшһәду әл-лә иләһә илла-Лләһ уә әшһәду әннә Мухаммәдән 'абдуһу уә расулуһ».

«Сәлемдер, салауаттар және барлық жақсы істер мен сөздер Аллаһқа тән! Ей, пайғамбар! Саған бейбітшілік және Аллаһтың мейірімі мен берекесі болсын! Бізге және Аллаһтың ізгі, салауатты құлдарына бейбітшілік болсын! Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ екендігіне куәлік беремін және Мұхаммед Оның құлы, әрі елшісі екендігіне куәлік беремін».

Содан кейін пайғамбарымызға (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) салауат дұғасын оқы:

"اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى

اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى